С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «**Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру**» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының **материалдары** = **Материалы** Республиканской научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее»**, посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - **2017. - Т.I, Ч.2.** - Б.236-239

СИЫРЛАРДЫҢ СУАЛУ МЕРЗІМІНДЕГІ ЖЕЛІНСАУЫН ЕМДЕУ ӘДІСТЕРІ

Әшім Р.

Қазіргі кезде еліміздің тәуелсіздігін дамытып, экономикасын жоғары деңгейлерге жеткізу мақсатында мал шаруашылығының алатын орыны зор. Осы қиын-қыстау, өтпелі нарық кезеңінде мал бастарын көбейтіп, сүт өнімділігін жоғарылатуды тежеуші мәселелердің бірі сиырлардың акушерлік-гинекологиялық аурулары.[1,2].

Желінсаулар салдарынан келетін экономикалық шығындарға сүт өнімінің төмендеуі, сүттің технологиялық қасиеттерінің нашарлауы, сиырлардың уақытынан бұрын шығындалуы, төлдердің түрлі ауруларға шалдығуы, азықтандыруға кететін қосымша шығындар, оған қоса ауруларды емдеуге шығындалатын қаражаттар жатады. [3,4].

Желінсаулардың балауының сенімді әдістерінің бірі - кешенді балау.Оған аналықты, оның сүт безін клиникалық зерттеу, сүт сынамаларына талдау жасау кіреді. Сонымен қатар,жасырын желінсау түрін анықтаудың маңызы зор.[5].

Жұмыстың мақсаты - суалма кезіндегі желінсауға шалдыққан сиырларды емдеудің жаңа түрін құрастыру және ем әдістеріне салыстырма баға беру.

Мақсатқа байланысты біздің алдымызға келесі міндеттер қойылды:

1. Диагностикалық тесттер арқылы ауру сиырларды анықтау.
2. Пелтомаст препаратын мастисан-А препаратымен салыстырмалы түрде емдік қасиетін бағалау.
3. Тәжірибе мен бақылау топ сиырларының қанын және қан сарысуындағы биохимиялық және иммунологиялық статусын анықтау.

Зерттеу жұмысы Ақмола облысы, Аршалы ауданының Ижевск ауылындағы «Ижевск» ӨК шаруашылығында және ғылыми зерттеу бөлімі С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ветеринария және мал шаруашылығы технология факультетінің, ветеринарлық медицина кафедрасының зертханасында жүргізілді.

Зерттеу нысаны ретінде қара-ала тұқымдас сиырлар пайдаланылды, желінсауларды балау әдістерін жүргізу және нақтылау мақсатында клиникалық зерттеулер жүргізілді. Осы кезде жануарлардың жалпы жағдайына, сүт безі мен әр желін бөлігінен алынған сүттегі өзгерістерге көңіл аударды.

«Ижевск» ӨК шаруашылық жағдайында 1 топ-32 сиыр зерттеуге алынды. Оның ішінде 6,7,8 айлық буаздылықтағы, суалым алдындағы 20 сиыр бөлініп алынды. Желінсауды балау үшін екі тест, яғни Соматикалық тест пен Ланжу мастит сынамасы қолданылды. Бақылау тест ретінде тұнба сынамасы қолданылды. Сонымен қатар, биохимиялық және гематологиялық зерттеу әдістері қолданылды. Ветеринарияда қолданылып жүрген әдістер арқылы анықталынды.

Ауру сиырларды клиникалық зерттеу кезінде олардың жалпы күйі біршама өзгеріссіз, дене температурасы, тамыр соғу жиілігі мен тыныс алу реті нормадан аспайтын деңгейді құрады. Зақымдалған желін бөліктерінен алынған секретті визуалды бағалау кезінде нормадан ауытқу білінбеді. Ауру сиырлардың тәуліктік және бір реттік сауу деңгейінің төмендегенін атауға тиіспіз. Жоғарыда аталғандарды ескере келе біз ауру малды бөлектеп алып, оған қажетті жағдайлар жасадық: тыныштық, тұрған жерін таза,құрғақ етуін қамтамасыз етіп, рациондағы жем,шырынды азықтарды азайтып, сапалы пішенге көшіру керектігі айтылды.

Тәжірибеге алынған сиырлардың жасы, ұстау жағдайы бірдей жағдайда болды, сиырлардың дене температурасы, тамыр соғуы мен тыныс алу параметрлері жалпы қолданыстағы әдістер бойынша өлшеніп отырды.

Анықталған ауру сиырлардан әрқайсысында 5-бастан 2-топ құралды.

Бірінші топтағы ауру сиырларды (n=5) шаруашылықта қолданылып жүрген ем жобасымен емдедік, күнара мастисан –А, үрпі ішіне 20мл көлемде, 5 күн бойы. Левомицетин сықпа майы урпілерге массаж жасалды.

Екінші топтағы сиырларға (n=5) пелтамаст емдік препаратын суалымға қойғанға 49 кун қалғанында 10 мл дозада урпінің 4/1 бөлігіне енгіздік. Топ сиырларына 15 минуттан желін үстінен астына қарай урпілерге массаж жасадық. Сонымен қатар мастисепт сықпа майын жақтық.Алынған мәліметтерді компьютерлік вариация көмегімен статистикалық өңдеуден өткіздік.

Зерттеу нәтижелері. Сиыр сүттерін зерттеу бойынша алынған деректер 1-кестеде келтірілген.

1-кесте - Желінсауға сүт сынамаларын зерттеу нәтижелері

	Диагностикалық тесттер	Зерттеу нәтижелері								Анықталған ауру сиырлар саны	
		оң				теріс					
		Желін бөліктері									
		О	рО	А	Ар	О	рО	А	Ар	ас	
	Соматик тест									0	1
	Ланжу мастит тест									0	1
	Тұндыру сынамасы										8
	Ескертулер *АО-алдыңғы оң желін бөлігі *АрО- артқы желін бөлігі										

*СА- сол жақ алдыңғы желін бөлігі *САр-сол жақ артқы желін бөлігі

Алынған нәтижелер, желінсауға оң реакция соматик тестті қолданғанда 10 болғанын көрсетеді, бұл 31 % тең, ал ланжу мастит тест қолданған кезде 10 жағдай тіркеліп, 31 құрады. Екі тестті қолданған уақытта нәтижесі бірдей анықталғанын айта кету қажет. Тұнба реакциясында 9 сиырда кілегейлі тұнба түсті.

Келесі жұмысымыздың кезеңі болып, ол ауру сиырларға қолданылған препараттар болып саналды. Осы кезде алынған мәліметтер 2-ші кестеде келтірілген.

2-кесте - Ем түрлерін қолданып емдеу нәтижелері

Емдеу топтары және қолданған препараттар	Препаратты енгізу аралығы және мерзімі	Дозасы және инъекция орны	Препаратты енгізу күндері	Сауығу мерзімі
1-топ Мастисан А, Левомицетин сықпа майы, үрпілерге массаж	Мастисан А 24 сағатан соң, 5 күн бойы	20 мл, үрпіге	5	9 күннен соң сауықты, сауын деңгейі қалпына келді
2-топ Пелтамаст, Мастисепт сықпа майы, үрпілерге массаж жасау	Пелтамаст 24 сағатан соң, 4 күн бойы	10 мл, үрпінің 4/1 бөлігіне	4	6 күннен соң сауықты, сауын деңгейі қалпына келді

Жоғарыда келтірілген 2 кестеден өткізілген ем схемалары жобасын және ем нәтижесі ретінде барлық тәжірибеге алынған сиырлардың сауыққанын көруге болады. Сонда да сиырлардың сауығу мерзімдері біркелкі болмады, ол 1-ші тәжірибелік топта 9 күнді, ал 2-ші топта 6 күнді құрады.

Біз кешенді емнен кейінгі зерттеу жұмыстарын өткізер алдында сиырлардан қан алып, қандағы гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштерінің өзгеріске ұшырауын зерттедік және оларды нормативтік көрсеткіштермен салыстырдық. (3-кесте)

3-кесте - Сиырлар қанындағы емдегеннен кейін болған гематологиялық көрсеткішердің өзгерістері (n=5, M ± m)

Көрсеткіштер	Нормативтік көрсеткіштер Min max	Жануарлардың топтары			
		1 тәжірибелік топ		2 тәжірибелік топ	
		Емдеуге дейін M±m	Емдегеннен кейін M±m	Емдеуге дейін M±m	Емдегеннен кейін M±m
Гемоглобин, г/л	99….129	78.8±1,4	102,9±0,88	76,9±0,27	113,0±0,23
Эритроцитер, Млн/мкл	5,0....7,5	5,4±0,13	6,35±0,51	5,35±0,21	6,55±0,39
Лейкоцитер, Мың/мкл	4,5....12,0	14,1±0,27	11,8±0,43	13,9±0,44	10,5±0,32
ЭШЖ	0,5....1,5	9	3	10	2,8

Сиырлардың қанында бастапқы гемотологиялық көрсеткіштер нормативтік дәрежеден төмен екендігі дәлелденді. Емдеуден кейін, 1-ші топтың көрсеткіші 28,5 пайызға, екінші топтың қанында гемоглобин жоғарылады. Бастапқы эритроцит көлемі нормативтік дәрежеде болды, бірақ ең төменгі физиологиялық көрсеткіштерге жақын тұрды. Препараттарды қолданып, сиырларды емдегеннен кейін, эритроциттердің қандағы концентрациясы жоғарылады.

Сиырлар организміндегі сірі желінсау ауруын жіті қабыну үрдістері дамуына орай қанда эритроциттердің шоғырлану жылдамдығының көрсеткіштері жоғарылағаны байқалды. Дәрілік препараттарды қолданғаннан кейін, қабыну үрдістері басылып, ЭШЖ көрсеткіші нормаға қарай жақындады.

4-кесте - Желінсауға шалдыққан сиырлар қанының емдеу алдындағы мен емдеуден кейінгі биохимиялық көрсеткіштерінің динамикасы

Көрсеткіштер	Нормативтік көрсеткіштер Min± max	1 тәжірибе тобы		2 тәжірибе тобы	
		Емдеуге дейін M±m	Емдегеннен кейін M±m	Емдеуге дейін M±m	Емдегеннен кейін M±m
Жалпы ақзат, г/л	72...86	74,9±0,6	78,5±0,6	71,8±0,7	81 ±0,7
Альбуминдер %	38...50	42,9±0,6	42,3±0,4	46,3±0,3	42,2±0,4
α -Глобулиндер, %	12...20	14,3±0,3	14,0±0,3	13,7±0,3	13,3±0,3
В-Глобулиндер, %	10...16	16,5±0,3	16,1±0,2	14,2±0,2	17,3±0,2
γ-Глобулиндер, %	25...40	26,6±0,6	27,5±0,4	25,7±0,3	27,0±0,2
Кальций, мкмоль	2,5...3,11	1,83±0,1	2,01±0,1	1,8±0,1	2,1±0,1
Фосфор, мкмоль	1,14...2,1	1,49±0,09	1,63±0,005	1,43±0,05	1,6±0,04
Глюкоза, мкмоль/л	2,22...3,78	1,34±0,5	1,71±0,3	1,34±0,4	1,87±0,4

Биохимиялық зерттеулердің барлық кезеңдеріндегі биохимиялық зерттеулер өткізілуі кездерінде ветеринария мен медицинада қолданылатын әдістерді қолдандық. Зерттеу мақсатындағы қан алуларын таңертенгі сағаттарда күре тамырдан алып, орындадық. Зерттеулер кезінде түрлі авторлар ұсынған әдістер пайдаланылды. Желінсауға шалдыққан сиырлардың биохимиялық күйінің өзгеруін бақылау үшін сиырлардың қанындағы көрсеткіштерді нормативтік дәрежемен салыстыру бағытында зерттеу жасалынды.

Сонымен, біз ұсынып отырған пелтомаст дәрілерінің қолдану түріндегі ем қолдану барысында, біз ауру жануар қанының кейбір маңызды биохимиялық және иммунологиялық көрсеткіштеріне ықпалын тигізетінін анықтап, талдау жасадық. Зерттеу жұмыстары ем жасалғанға дейін, терапияның 5-ші күні және сауыққаннан кейін 1 апта өткен соң жүргізіліп отырды.

Сиырлардың суалу мерзіміндегі субклиникалық желінсауының “Ижевск” ӨК шаруашылығында диагностикалық тесттер арқылы ауру сиырларды белгілеп, емдеу жұмыстарын жүргіздік. Сиырлардың суалу мерзіміндегі кешенді ем пелтамаст препараты, мастисепт сықпа майы, урпілерге массаж жасау әдісі терапевтикалық тұрғыдан алғанда, 1-ші топта қолданған мастисан А препараты, мастисепт сықпа майы, урпілерге массаж жасау әдісіне қарағанда тиімді және емдеу мерзімі 9 тәуліктен 6 тәулікке дейін қысқарды.

Әдебиеттер тізімі

1 Абдрахманов Т.Ж. Заболевание коров маститом в зависимости от морфофункциональных показателей. Вестник с./х. науки Казахстана, 2000. №3. с.49-52.

2 Т.Ж.Абдрахманов. Лечение коров, больных маститами. Вестник с./х. науки Казахстана 11-12, 1999, Алматы, с.109-116.

3 Martinez-Pacheco, Dari; Cruz-Carrillo, Anastasia ;Millan, Alirio; Moreno-Figueredo, Giovanni,Evolution of resistance from Bacteria Causing Clinic and Subclinic mastitis Against Some Antimicrobials Used in dairy cows in Sotaquira Municipality, REVISTA CIENTIFICA-FACULTAD DE CIENCIAS VETERINARIAS, Web of scince,том25, выпуск 3,стр.;223,231.

4 Васильев В.Г. Терапия коров, больных маститом в сухостойный период. Вет. 1998. №1. с.38.

5 И.Т.Жақыпов, Т.Ж.Әбдірахманов, А.Н.Ахметов, Акушерлік, гинокология және жануарларды көбейту биотехникасы.Астана,2012.с200-201

Ғылыми жетекші:Т.Ж. Әбдірахманов, в.ғ.д., профессор